

ARROWART

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ



Тұқым қуалау мен сапалы ұрпақ арасындағы тікелей байланысты қапысыз танығандықтан, «Тартпай қоймас негізге» деп білетін қазақ жақсы атасына немесе әкесіне тартып туған баланы «Асылдың сынығы», «Тұлпардың тұяғы» деген теңеулермен айдарлайтыны бар. Этникалық ілгерілей дамудың бұл да бір маңызды шарты. Қазақстанда мұндай эпитетке лайық әулеттер, құдайға шүкір, баршылық. Абылайдың, Әбілқайырдың, Сәтбаевтай, Жұбановтай білімпаздардың, Қожықовтай, Аймановтай суреткерлердің ұрпақтары күні бүгінге дейін ұлтымыздың мақтанышы әрі бәсекелік қабілетінің қайнар көзі. Төл тарихымызға олжа салған әулеттер қатарында Қозыбаевтар есімі құрметпен аталады. Үздік талантының арқасында әр жылдары бұлардың арасынан Еңбек Ері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик, профессор биігіне көтерілгендер шықты. Осы дәстүр мен сабақтастықты жалғастырушылардың бір де болса бірегейі – профессор Ілияс Манашұлы Қозыбаев.

Тарихымыздың та-мыршысындай болған Манаш ағаны осыдан жарты ғасыр бұрын көрдім. Қол астында қызмет істедім, жақсылығын ұмытпаймын. Тұңғы-шы Ілиясты 70-шы жылдардың ортасынан білемін. Тығыз аралас-құра-ласымыз болмаған-дықтан «білемін» дегенім жәй сөз екен. Нағыз Ілиясты, сәулетті әулеттің жасампаз перзентін соңғы жылдары жариялаған екі кітабын оқыған соң таныдым. Оның бірі – «Салық Зиманов. Материалы к биографии» (2016), екіншісі – «Умирзак Султангазин. Биографический очерк» (2020) кітабы.

Ғылымдағы қос арыстың келбетін кешенді ашуға ойлы азамат кездейоқ келе қалған жоқ. 1992 жылы «Қазақ университеті» баспасы жариялаған «Историческая наука Казахстана» монографиясымен жұртшылық назарын өзіне аударған болатын. Бүгінде тарих факультетінің студенттері, ізденушілер бұл кітапты айналып кете алмайды. Ал тұлғатанушылар үшін соңғы екі кітаптың жөні бөлек.

С.Зиманов жайлы кітаптың негізгі денін құжаттар мен деректер, естеліктер мен қайраткерлер баяны құраса, Ө.Сұлтанғазинге арналған еңбек тұтасымен авторлық ізденістер мен ой-түйіндер жемісі болып табылады. Біз бұл жерде екі кітаптың мәнді айырмашылығын ғана көрсетіп отырмыз. Әрқайсысы ұлттық тарихнамаға қосылған сүбелі үлес екенінде күмән жоқ. С.Зиманов екі дәуірдің, екі формацияның тұлғасы еді. Ол төл тарихымызға Ұлы Отан соғысы майданының, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар әлемінің, ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында ай-тылғандай, жаңа Қазақстанның ір-гетасын қалаған, қазақ елінің кереге-сін кеңейткен жұл-дызды қауым-ның өкілі ретінде енді. Антикалық заманнан қалған дана сөз бар: «Досыңның кім екенін айтсаң, сенің кім екеніңді айтамын». Міне, осы ұстанымды қаперге алатын болсақ, Салық ағамыз үш ғасырдың тұлғаларымен әлеуметтік-кәсіби, мәдени-имандық байланыста болғанын байқаймыз. Олардың арасында ХІХ ғасыр аяғында дүниеге келіп, ғасырға жуық өмір сүрген, заңгер ғалымдардан шыққан жалғыз Социалистік Еңбек Ері, Украина ғылым академиясының академигі В.М. Корецкий, ҚР ҰҒА құрылтайшыларының бірі (1946 ж.), қазіргі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының тұңғыш директоры С.В. Юшков, ұзақ жылдар Қазақстан үкіметін басқарған Б. Әшімов, әйгілі химиктер, тарихшылар, журналистер, қоғам және мемлекет қайраткерлері, генералдар бары тұлғаның интеллектуалды өресін, қадір-қасиетін айшықтап тұр.

Сәкеңнің шыққан тегі мен балалық, жастық шақтары, өмір белестері мен замандастары туралы кітапта берілген естеліктер, жекелеген азаматтар мен билік органдарына жазған хаттары, қойын кітапшасына әр жылдары түсірген ойлары төрт тарауға топтастырылыпты. Ал, 1990 жылғы 25 қазан күнгі тарихи оқиға – «Қазақ КСР-і мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» қабылдау, соған дейін 5 айға жуық жүрген даярлық жұмыстары бұрыннан да танымал ғалымның есімін әлемге жайды. Бұдан кейін, деп жазыпты автор, Салық Зиманұлы нағыз жалпыхалықтық танымалдыққа ие болды, академиялық қауымдастықтан тысқары көпшілік те танитын тұлғаға айналды, қазақстандықтар нық пікірі бар абыз саясаткерді, тәуелсіз мемлекетті қалыптастыруға өзіндік ерекше үлес қосушы шынайы мемлекетшіл жанды көрді. Ұлы күн тарихи құжаттың соңғы нұсқасын даярлауға

Қазақстан Парламентінің 25 депутатынан тұратын комиссия құрумен, төрағалығына С.Зимановты сайлаумен басталған болатын. Осынау үдерістің егжей-тегжейі арнайы тарауда баяндалыпты. Декларацияны қабылдау алдындағы талқылау 6 сағатқа созылып, онда ҚР Президенті Н.Назарбаев 11 рет сөйлеген екен.

Осылайша, профессор І.Қозыбаев құрастырған кітап тұлғаның бала Салықтан дана Салыққа дейін жүріп өткен жолын ұлан-ғайыр құжаттармен суреттеген. Еңбек ғалымдар мен оқырмандар тарапынан жоғары баға алды. Ең бастысы, біздің ойымызша, Ілияс Қозыбаев ғылыми тұлғатанудың тамаша үлгісін көрсетті. Ізденіс жалғаса берді. Ол арада 4 жыл өткенде қазақ топырағындағы математика және электронды есептеу машинасы теориясы, космостық ғылымның ізашары Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин жайлы ғажап еңбек шығаруымен көмкерілді.

Жақсы кітап күнде жазыла бермейді. Ал ғұмырнамалық еңбектің мазмұны мен ғылыми нәтижелерін анықтайтын факторлар саналуан. Біздің пайымдауымызша, сөз қылып отырған еңбекті жазғанда автордың қаламы мен қиялына мына факторлар қанат бітірді. Біріншісі – кеңістік пен уақыттың ажырағысыз тұтастығы. Ілияс та, басты кейіпкері де Қостанай топырағында дүниеге келді. Саналы ғұмырларын ғылымға арнады. Ғылым адамының немен ауыратынын, қалай жазылатынын, қуанышты сәттерін айтқызбай-ақ білді. Алдыңғы толқын аға мен кейінгі толқын інінің арасын 20 жыл бөліп тұрғанмен, бірін бірі көзбен де, көңілмен де бағып есейді. Ғылымда «көз көргеннің» маңызы аса жоғары. Соның бәрі зердеден әлі өшкен жоқ. Дегенмен, тарихты ізі суымай жатып жазу – қиынның қиыны. Мұны автор ескертіп өткен.

Екіншісі – жобаны қолға алғаннан соңғы нүктесін қойғанша эмоциялық көңіл толқынына еркіндік беріп, зор құлшыныспен орындағаны. Мұның бастауында әрісі – тәуелсіздікпен келген шығармашылық еркіндік тұрды, берісі – ағасындай болған тұлғаның, әруақтың алдындағы кәсіби парызы мен қарызы десек еш қателеспейміз. Әр сөйлемнен шексіз құрмет пен тағзым лебі есіп тұр.

Үшіншісі – деректік базаның қолжетімділігі. Қандай сұраққа болмасын жауап іздегенде, жазбаша немесе ауызша ақпараттарды табу аса қиынға соқпады. Әсіресе, кейіпкердің жесірі Райхан Ғаниқызы ерекше ынта танытыпты. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басшылығы, архив қызметкерлері де аянып қалмаған. Біліктілікпен іріктелген фото-суреттердің айтары мол. Тарихшы ғалым үшін бұлар баға жетпейтін қазына ғой.

Кітап қалың оқырманға арналғанмен, бірінші кезекте кәсіп таңдау, әлеуметтік-имани бағыт-бағдарын анықтау үстіндегі жастарға бағышталған. Өйткені басты кейіпкер өмірде жоқ болғанмен, қалдырған мұрасы мәңгілік. Ұлттық идеямыз «Мәңгілік Елді» ақиқатқа айналдыру үшін ұлы тұлғаларымызды ұлықтай білуіміз қажет.

Өмірзақ Махмұтұлын ұлылар шоғырына тума таланты жетеледі. Құдайдың құдіретімен бұл қасиет оның бойына әкенің күшімен, ананың сүтімен дарыды. Бірақ тұлғалар шоғырына еруге ол да аздық етеді. Егер ең алғаш «Әліппені» ашқаннан кәметтік аттестатты қолына алғанша білім-ғылым мұхитына бойлауына әйгілі ұстаздары септеспесе, бойдағы бары ашылмаған күйде қалар ма еді, қайтер еді?

Автордың дәйектеуінше, Өмірзақ оқыған Әуликөл ауданындағы Қараоба мектебі өз заманының үздік педагогтарына мекен болған екен. Қазақ тілі мен әдебиетінен 1912, 1914 жылдары екі кітабы жарық көрген Бекет Өтетілеуов, Ленин және Еңбек Қызыл ту ордендерінің иегері Ахметқазы Чутаев сабақ берсе, химиядан Көпжасар Айтжанов, математикадан Мырзағали Қарсақпаев, орыс тілінен А.С. Попова, неміс тілінен Сталининград пединститутының түлегі И.Ф. Фишер сынды бүкіл өңір төбесіне көтерген ұстаздар қабілет-қарымын ашады. Мектеп берген білімнің сапалылығы соншалықты, кейінде түлектері арасынан жазушы да, елші де, Мемлекеттік сыйлық иегері де, ғылым докторлары мен кандидаттары да шықты. І.Қозыбаев жазғандай, бұлардың бәрі Отанының үздік азаматтары бола алды.

Адамның жақсы болмағы жақсы ұстаздан екенін кезінде Хакім Абай да ескерткен болатын. Міне, осы тұрғыдан келгенде Өмірзақ Махмұтұлы жолы болған ғалым. Қазақ университетінің математика бөлімінде оқыған жылдарында педагогтары Х.Ибрашевтің, В. Харасахалдың, Б. Төлегеновтің көзіне түсті. Дипломдық жұмысына профессор К.П. Персидский, доцент В.А. Сапа жетекшілік жасады. Жобаға берген пікірінде К.П. Персидский: «Жұмыс жақсы әсер қалдырды...Айтарлықтай ескертулер тудырмайды», деп жазыпты. Бұл айтуға ғана оңай. 50-шы жылдарғы қиыншылық ауылдан келген қазақ балаларының маңдайынан сипай қоймады. Демек, студенттік өмірдің баянын алдағы уақытта кеңейтіңкіресе, артықтық етпес еді. Жас маман 6 жылға жуық университетте ұстаздық құрды. Осы дәуірдегі әлеуметтік-кәсіби кемелденуін де тереңірек ашқан жөн. Өйткені екі жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Новосибирск тәрізді академқалашықта кандидаттық диссертациясын қорғаудың артында Алматыдағы 11 жылдық ізденіс тұр.

Тарих ғылымының басты миссиясы – ақиқатты айту. Автор осынау талаптың үдесінен шыға алған. Новосибирск кезеңінде әлем мойындаған ғұламалар Л.В. Канторовичтен, Г.И. Марчуктен, В.И. Лебедевтен алған тәлім-тәрбие қазақ баласы алдынан даңғыл жол ашқанын адалынан, жан-жақты тиянақтайды. 30 жастан аса бере реакторлық есептерді шешудің санаулы маманы ретінде танылғанын академиктер С.К. Годуновтың, Н.Н. Яненконың, С.Л. Соболевтің, жапон математигі Т.Нишиданың тірек сөздерімен жеткізеді.

Өз басымнан өткен бір жайды айта кетуді артық санамадым. 1971 жылдың жазында Қазақ университетіне түсуге талапкер едім. Қазіргі Бөгенбай батыр көшесінде орналасқан жатақханада тұрдым. Күні бойы емтихандарға даярланамыз, университеттің жас ғалымдары туралы әңгіме айтылады. Сонда алғаш рет жас таланттар Өмірзақ Сұлтанғазин мен Мұхтарбай Өтелбаев есімдерін естіген едім. Талапкерлер қате айтпапты. І.Қозыбаевтың кітабын оқи отырып, 36 жасқа толмаған Ө.Сұлтанғазин 1972 жылдың наурызында КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің математика институтында докторлық диссертация қорғағанын білдім. Қорғау үстінде болған мына оқиға да қазақ баласының дарынын сипаттап тұр. Диссертанттың бірінші оппоненті академик Н.Н. Яненко: «Сіздікіндей нәтижені мен неге ала алмадым? Менің қатемді көрсетіңізші» деген екен. Қысқасы, ғылым көкжиегінде Сұлтанғазин жұлдызы жанды.

Кеңестік профессордың тұрмыс жағдайы жаман болмағаны белгілі. Автордың жазуынша, университетке қайта оралған Өмекең асып-тасуды білместен, ұстаздыққа, ғылымына аянбай жегіледі. Танымалдығы да арта түседі. 1983 жылы ҚР ҰҒА академигі биігіне көтерілді. 80-шы жылдар ортасында Больцман теңдеуіне арналған екі монографиясы жарық көрсе, Варшава мен Парижде, Германия мен Чехословакияда дәріс оқуы әлемдік деңгейге көтерілгенін куәлендірді. 1958-1983 жылдар аралығында жариялаған математикалық зерттеулері үшін бір топ ғалымдар қатарында 1987 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Келер жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті лауазымына сайланды. Осылайша ірі мемлекет қайраткері шоғырына қосылды. Жауапкершілік те өсті. 1986 жылы Қазақ КСР-і Жоғары кеңесіне, 1989 жылы КСРО халық депутаттығына сайланды. Осының бәрі жігеріне жігер қосты. Тәуелсіздік қарсаңында жаңадан құрылған ҚР Ғарыштық зерттеулер институтын басқарып, тұңғыш ғарышкер Т.Әубәкіровтің және Қазақстанның ғылыми бағдарламасын сәтті атқарғаны үшін Ленин орденімен марапатталады. Демек, кеңестік сынақтан сүрінбей өтті.

Азат елдің ғылымын жаңа талаптарға сай жаңғырту бұдан да ауырға түсті. Егер президенттік қызметтің алғашқы үш жылында ғылымдағы қайта құрулар Мәскеудің бақылауымен әрі бұрын қалыптасқан сүрлеу шегінде жүрсе, енді саяси-идеологиялық өлшем мен құндылықтардың орнын мемлекеттік және ұлттық мүдде басты. Ғылымды басқарудың жүйесі мен құқықтық-нормативтік негізін қалыптастырудың, ғылыми ізденіс пен нәтижелерді сапалы жаңа биікке көтерудің міндеттерін дәйектеумен күндіз-түні айналысты. Дұрыс шешім табу жолында алдыңғы толқын ағалары С.Зимановпен, А.Абдуллинмен, Ә.Сағыновпен, М.Қозыбаевпен, үзеңгілес серіктері Ж.Әбділдинмен, О.Баймұратовпен, К.Сағадиевпен, А.Қошановпен, т.б. ақылдасқаны сөзсіз. Қаншалықты қауырт жұмыс атқарылғанын сол бір жылдарда қабылданған мемлекеттік қаулы-қарарлардан-ақ байқауға болады. 1992 жылғы 15 қаңтарда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының ғылымы мен мемлекеттік саясаты туралы» заңға қол қойды. 7 ақпанда ҚР Президентінің указымен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі дүниеге келді. 30 сәуір күні Министрлер кабинетінің «ҚР ғылым академиясының мәселелері» қаулысы қабылданды. 1993 жылғы 21 қаңтарда ҚР Президенті «Ғылымды ұйымдастыруды жетілдіру және республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту шаралары туралы» указға қол қойды, ертеңінде Министрлер кабинетінің Қазақстан Республикасындағы ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру шаралары туралы қаулысы шықты. Бұдан былайда іргелі зерттеу мен гранттық жобаларды қаржыландыру Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне қарасты Ғылым қорына берілді. 1993 жылғы 14 қыркүйекте Министрлер кабинеті мақұлдаған қаулымен ғылыми-техникалық қызметке сараптама жасау Ғылым академиясынан бөлек құрылымға жүктелді. Ғылыми кеңістікте қолдан жасалған бәсекелестік Ө.Сұлтанғазинге ауыр тиді.

1994 жылғы 2 ақпанда ҰҒА жалпы жиналысының сессиясы шақырылып, оған ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысты. Осы сессияда Ө.Сұлтанғазин өз еркімен президенттік қызметінен кетті. Сессияда президент сайлауы өтіп, орынтаққа ҰҒА мүше-корреспонденті К.Ә. Сағадиев келді. Менің ойымша, сол жолы президенттікке үш үміткердің ішінен ҰҒА академигі Ө.Жолдасбеков сайланғанда, Сәтбаев академиясының тарихы басқаша өрілер еді. Бірақ болар іс болды.

Ө.Сұлтанғазин президенттік қызметінен өз еркімен кетсе де, ұлттық және жаһандық ғылым әлеміндегі беделі бір мысқал кеміген жоқ. Киото университетінде профессорлық дәріс оқуға шақырылады, Нагасаки қаласының құрметті азаматы атанады. П.Л. Капица медалін, «Парасат» орденін кеудесіне қадайды. Рим папасы Иоанн Павел II кездескенде де,

«Асар» партиясына мүшелікке енгенде де, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауларында да бар ойы, әңгімесі ғылым төңірегінде өрбіді. Зерттеуде осы және басқа мәселелер республикамызда қалыптасқан қоғамдық-саяси үдерістермен тығыз байланыста зерделенген. Тәуелсіздіктің елең-алаңында ҰҒА-ны ең жоғары мемлекеттік ғылыми мекеме ретінде сақтап қалуға барын салғаны Ө.Сұлтанғазиннің азаматтық ұстанымын аша түскені кешенді тиянақталады.

1996 жылғы наурыз айында Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, ҰҒА, Ауыл шаруашылық академиясы біріктіріліп, Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы деген атауы ұзын, ғұмыры қысқа мемлекеттік мекеме дүниеге келді. Басшысы үкімет мүшесі саналғандықтан сайланумен емес, тағайындаумен қойылатын болды. Реформалау мұнымен де бітпеді. Өкініштісі – жанындай жақсы көрген ҰҒА-ның 2003 жылдың күзінде мемлекеттік мекеме мәртебесінен айрылып, республикалық қоғамдық бірлестікке айналғаны академиктің жанына жара салып, санасы мен жүрегіне ауыр тиді. Келер жылы айықпас дертке ұшырағаны анықталды. 2005 жылғы 22 мамырда Германияның Фрайбург клиникасында өмірден озды. Бірақ ғылым барда мұрасы жасай береді. Турасын айтқанда, оның қайраткерлігі Қазақстанды және отандастарын заманауи өркениеттің іргелі табыстарымен қауыштыруға, нақтырақ келсек ядролық энергия мен қазіргі технологияларды, космос кеңістігін игерудің шексіз мүмкіндіктерін кәдеге жаратуға бағышталған еді деп аяқтаған екен зерттеуін Ілияс Қозыбаев. Бұған қосып-алар ешнәрсе жоқ.

Өмірзақ Сұлтанғазин қазасына шетелдік 20 мемлекеттен көңіл айту жедел хаттары келіпті. Ғылыми ақыл-ой алыптары айрықша тұлғаны жазбай танығандықтан қазақ халқының қайғысымен бөлісті. Сол күндері аңыз адам Салық Зиманов екі жақсымызды – Манаш Қозыбаев пен Өмірзақ Сұлтанғазинді қатар қойып, құбылыс (феномен) деген екен. Бұл ойын кейінде толығырақ тарқатуға уәде беріпті. Әттең, жалған дүние, ниетін жүзеге асыртпады, 2011 жылдың күзінде дүниеден озды. Академиктің жоспарын М.Қозыбаевтың ұлы, асылдың сынығы Ілияс Қозыбаев абыроймен атқарып шықты. Ақиқаттан қылаудай ауытқымағанына сенгендіктен әрбір сөзіне жауап бере алатынын да батыл мәлімдеген. Алмас қылыш қап түбінде жатпайтыны рас екен. Қазақстан тарихының, ұлт зиялысының тағы бір ақтаңдағы шешімін тапты.